

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

САЛЫҚ САЯСАТЫ ЖАҒАНДЫҚ ҚАТЕРЛЕРДІ ЕСКЕРУІ ТИІС

Сенатта парламентшілер, ұлттық экономика және қаржы министрліктері, сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басшылары қатысқан «Салық саясатының өзекті мәселелері» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел болды. Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінше кіріспе сөзінде мемлекеттің салық саясаты: «Еліміздің экономикалық даму стратегиясының басты құралдарының бірі болып табылады», – деп атап өтті.

Төраға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиялық даму жоспарында салық саясатын жетілдірудің басты бағыттарын айқындап бергенін айтты. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында салық режымдері мен рәсімдерін онтайландыру, кірістер мен шығыстарды жаппай салықтық декларациялау, тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу, кеден және салық жүйелерін интеграциялау секілді шаралар көзделген.

Қ.Тоқаевтың пікірінше, мемлекеттің салық жүйесі ұлттық экономиканы талаттарына және кәсіпкерлерге жаһандық сын-қатерлерге төтеп беруі тиіс, олардың қатарында еліміздің кірісін төмендетіп отырған мұнай бағасының арзандануы, экономикалық өсімін баяу-



лауы, ұлттық валюта бағамының төмендеуі, Ресейге қарсы енгізілген санкциялардың ықпалы да бар.

Сенат Төрағасы салық жүйесі бюджетті теңгерімдеумен қатар, экономиканы құрылымдық өзгерістері мен инновациялық дамуын қамтамасыз етуге, жоғары технологиялық өндірісті құруға және шикізаттық емес экспорт пен өнділген өнімнің өсімін ынталандыруға бағытталуы тиіс деп санайды.

«Біздің басты мақсатымыз – мемлекеттің және салық төлеушілердің мүдделерін үйлестіре отырып, тиімді және болжамды салық жүйесін құру», – деді жоғарғы Палатаның басшысы. Шараға қатысушылардың сөйлеген сөздерінде Қазақстанның салық жүйесін жаңғыртуудың түрлі жолдары туралы сөз болды.

Атап айтқанда, ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев Мемлекет басшысының бес институттық реформасын іске асыру аясында салық салу жүйесін жетілдіруге бағытталған Заң жобаларының мазмұнына тоқталды. Ұсынылған шаралар көлекелі экономиканы қысқартуға және салық әкімшілендірулерді жақсартуға бағытталған.

Мемлекеттік бюджеттің атқарылу жағдайы және салық пен кедендік әкімшілендіру жүйесін реформалау шаралары туралы қаржы министрі Бақыт Сұлтанов хабарлар етті. Қазіргі

кезде Парламентте қаралып жатқан өзгерістерде қосымша құн салығын төлеушілер аясын кеңейтуге, электронды құжаттарды қолдану, рәсімдерді оңайлату, бақылау түрлерін жетілдіруге де бар.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Абылай Мырзахметов Қазақстандағы бизнестің инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік беретін, қабылданған ережелерді жан-жақты және егжей-тегжейлі талдау қажеттігіне назар аударды.

Сенат депутаттары баяндамашыларға акциздік постарды жаңғыртуға, қосымша құн салығына және пайдалы қазбаларды өндіруге салық есептеу тәртібін өзгертуге, ЕАЭО туралы шарттың күшіне енуі аясында бизнесті жүргізу келешегі, заң шығару үдерістеріне салық төлеушілердің пікірін ескеруге қатысты сауалдар қойды.

Дөңгелек үстел отырысын қорытындылаған Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Рашид Ахметов «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыруға қатысты талқыланған маңызды тақырыптарға тоқталды және бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасау мақсатында салық әкімшілендірулерді жетілдіру және алдын ала-бақылау шараларын онтайландыру мәселелерін атап өтті.

Ж. БАҚҚОНДЫҒҰЛЫ

Жуырда Алматыдағы әзежай ұшақтұрағында «Эмбраер-190» ұшағына «Астана ЭКСПО-2017» көрмесінің логотипі орналастырылды. Бұл борт – халықаралық көрме логотипімен брендтелген алғашқы ұшақтардың бірі.

«ЭКСПО-2017» ӘУЕДЕ САМҒАЙДЫ



«Астана ЭКСПО-2017» ҰҚ АҚ және «Эйр Астана» АҚ арасында қол қойылған ынтымақтастық меморандумының аясында жүзеге асырылған шара мұнымен тоқтал қалмайды. Алдағы уақытта ЭКСПО логотипі компания әуеспаңдарындағы 30 ұшаққа орналастырылатын болды. «ЭКСПО-2017 көрмесінің ресми тасымалдаушысы» деген эксклюзивті мәртебеге ие болған және «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің ресми серіктесі деп танылған «Эйр Астана» Қазақстанның халықаралық аренадағы салмағы сымға түсер маңызды шараны абыроймен өткізу үшін қолдан келген көмекті аянып қалмақ емес. Бір жеңнен қол, бір жағаладан бас шығаруға бастамашыл болған меморандумға биылғы жылдың 17 тамызында «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімов пен «Эйр Астана» әуекомпаниясының президенті Питер Фостер қол қойғанын еске сала кетейік.

Келесі жылдың басынан серіктестер халықаралық деңгейде көрменің ілгерілетуге қатысты арнайы компанияны жүзеге асыруды бастамақшы. «Эйр Астана» әуекомпаниясының қазіргі таңда серіктестік жүйесі, оған қоса 40 000 агенттері бар. Сондай-ақ, әуе компаниясының транзиттік жолаушылары көрме өткізілетін күндері әлем назарын өзіне бұратын ауқымды шараны тегін тамашалайтын болады.

Астанадағы көрме «ожасүй» энергетика аясында өтетіні белгілі, сондықтан энергетиканы, энерготімді технологияларды пайдалану мәселелері іс-шараның басты тақырыбына айналмақ. «Эйр Астана» Президенті Питер Фостердің айтуынша, атмосфераға залалды заттардың шығарылуы – әуекомпанияның негізгі ұстанымдарының бірі. Соңғы әуешоуда Ле Бурже қозғалтқышы зиянды шығынды 15 пайызға қысқартатын «Airbus A320» ұшағын сатып алу ниетімен бөліскен болатын.

«Эмбраер-190» ұшағына «Астана ЭКСПО-2017» көрмесінің логотипі орналастыру рәсімі кезінде «Астана ЭКСПО-2017» компаниясының Қоғаммен байланыс департаменті директоры Сергей Куянов бұл шараның ЭКСПО жобасының дамуы үшін маңыздылығын атап өтіп, ұлттық тасымалдаушымен серіктестік қарым-қатынасын практикалық бастамасы екеніне назар аударды.

«ЭКСПО-ның бірнеше негізгі мақсаты бар. Олардың қатарында – Қазақстанға келуші туристер санын арттыру, туризмді дамыту. Біз екі миллионнан астам жергілікті және шетелдік туристер келетін деп күтудеміз. Бұл – байыпты болжама. «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы шара қонақтарының санын арттыру және оларға сапалы қызмет ұсыну бағытында бірнеше әлемдік туроператорлармен келісімшарт жасап үлгерді. Олар өз кезегінде 2017 жылы Қазақстан турларды ұсынатын болады», – деді Сергей Куянов. Департамент директоры сонымен қатар, бүгінгі таңда «Астана ЭКСПО-2017» ҰҚ АҚ негізгі мақсатты жүзеге асыру мен көрменің ілгерілету бағытында тағы бірнеше ұлттық компаниямен келісімшартқа қол қойылуын күтіп отырғандығын жеткізді.

«ЭКСПО – 2017»-ге дайындық шаралары сөз болғанда, өткен аптадағы Астана қаласы әкімі Әділбек Жақсыбековтің Литва және Латвия республикаларына ресми сапарын ерекше атап өткен жөн. Елорда басшысы Вильнюстың мэрі Реиниус Шимшашюсын кездесіп, екі жақты ынтымақтастықтың маңызды мәселелерін талқылады.

«Астана мен Вильнюс мэрлерінің арасында тығыз қарым-қатынас бұрыннан бар, екі қала арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз», – деді елорда әкімі.

Вильнюс қаласының мэрі Миландағы қазақстандық «ЭКСПО» павильонының танылмалығын ерекше атап өтіп, туризм саласы бойынша ынтымақтастықты дамыту мәселелеріне тоқталды. Ал Ә. Жақсыбеков алда өтетін халықаралық «ЭКСПО – 2017» мамандандырылған көрмесі аясында Астанада жүргізіліп жатқан ірі құрылыс жобалары мен дайындық барысы туралы баяндап, Вильнюс әкімшілігінің осы шараға ақпараттық қолдау жасайтынына сенім білдірді. Сонымен қатар, Астана қаласындағы Вильнюс мәдениет күндерін өткізу және көрме өтетін уақытта арнаулы чартерлік рейстер ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасады.

Литвалық әріптестер Қазақстан делегациясы таныстырған инвестициялық жобалар мен жасаған шетелдік инвесторларға беретін мол мүмкіндіктеріне ерекше назар аударды. Вильнюс бизнес қоғамы өкілдері елорданың инвестициялық әлеуетімен толыққанды танысу үшін Астана қаласының әкімі оларды 28-30 қазанда Тәуелсіздік сарайында өтетін VI халықаралық «Astana Invest – 2015» инвестициялық форумына қатысуға шақырды.

Кездесуде талқыланған ауқымды тақырыптардың бірі – қала құрылымы. Елорда әкімі Қазақстан астанасы құрылымының негізгі бөліктеріне тоқтала келіп, оның ел экономикасы үшін маңыздылығын айтты.

«Құрылымдық ынтымақтастық біздің азаматтарымыз үшін екі ел арасындағы мәдениет пен өнерді жақын тануға сеітпін тигізетініне сенім мол. Икемді әрекет етсек, бұл өз кезегінде екі астананың экономикасын дамытуға қозғалыс күше бола алады», – деді Ә. Жақсыбеков. Нәтижелі келіссөздердің арқасында Астана мен Вильнюс арасында 2000 жылы бекітілген Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстар келісімі бойынша қолға алынған ортақ жобаларды әрі қарай жандандыру болды.

Әділбек Жақсыбековтің Литва премьер-министрі Альгирдас Буткявичюспен кездесуінде де екі жақты қарым-қатынастың өзекті мәселелері көтерілді. Сонымен қатар, халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындық жұмыстары туралы кеңінен сөз болды. Литва үкіметінің басшысы Астана мен Вильнюс арасындағы қарқынды дамып келе жатқан серіктестікке назар аударып, оның одан ары нығайту үшін екі ел арасындағы ынтымақтастықты ілгерілету басымдық беріп жүрген елорда әкімінің екі сапары да нәтижелі болды.

Анап ЛЕПЕСОВА

МӘЖІЛІС НАЗАРЫНАН ТЫС ҚАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Есенгүл ҚАПҚЫЗЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті V шақырылымының V сессиясы жұмысқа кіріскеннен 1 айдан асты. Осы уақыт аралығында Парламент көз ілеспес жылдамдықпен өз қарауына келіп түскен заңдарды тоқтатпай қабылдауға кірісті. Тіпті ағана уақыт аралығында 46 Заң жобасын қарап үлгеріп, біразына батасын беріп те жібергендігі айтылады. Қолдағы бар мәліметтерге қарағанда, осы жылдың соңына дейін Парламент 70-тен астам Заң жобасын қарап, мақұлдап үлгеруі қажет. Бұның сыры неде?

ҰШҚЫР ПАРЛАМЕНТ НЕГЕ АСЫҒУДА?

Парламент Мәжілісінің сайлауы тағы да кезектен тыс болады деген пікір айтылғалы біраз уақыттан жүзі. Қауесеттің соңы қашан да шындыққа айналатындығын ескерсек, бұл жолғы Мәжіліс те мерзімінен бұрын тарап кетуі әбден ықтимал. Бізді алаңдатып отырған бұл емес, әрине. Біз соңғы сайланған Мәжілістің халыққа пайдалы қандай көшелі мәселелермен айналысқандығын жіпке тізгенді жөн көріп отырмыз. Соңғы жылдары Парламенттің пәрмені азайып, беделі кете бастады деген пікірлер жиі айтылып жүр. Бұл әсіресе, мажоритарлық сайлау жүйесінен бас тартып, партиялық сайлау жүйесіне көшкеннен кейін нақты байқалатын сияқты. Себебі Қазақстанда көп партиялық жүйе әлі өз деңгейінде қалыптасқан жоқ. Кезінде саясат сахнасына атой сап келген, атышулы партиялар қазір мүлдем босен. Шын мәнісінде демократиялық жолды таңдаған, Мәжіліске депутаттарын ұсына алатындай екінің деңгейі партиялардың жанбай жатып сенуі балаң демократияның даңғыл жолға түсуіне мүмкіндік бермей отырған сынды. Көпшілік қазір аты бар да, заты жоқ партиялардың немен айналысатынын, қандай принциптерге бағынатынын, қандай пнар технологияны тү ететінін білмейді. Егер алда-жалда сайлау өте қалатын болса, қай партияға дауыс берерлеріне де бейхабар.



Мәжілістегі Үкімет сағатында қозғалу үшін «Ақ жол» партиясының өкілі Азат Перуашев те, «Қазақстанның халықтық коммунистік партиясы» атынан сайланған Жұмбал Ахметов те өздері мүше фракцияның шешімін күтетіндігін айтқан. Демек, аталған екі партия өкілдерінің дауысы шешуші рөл атқармайды деген сөз.

МӘЖІЛІС НАЗАРЫНАН ТЫС ҚАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Былтырғы сессияны жабарда депутаттар 190 Заң жобасын қарап, оның 113-ін қабылдап үлгергендерін мақтанышымен мәлімдеген еді. Ол оның алдындағы жылмен салыстырғанда, 17-ге артық екен. Негізнен инвестиция үшін қолайлы жағдай тудыру, шағын және орта бизнесті қолдау, Қазақстан Республикасының дамыған 30 елдің қатарына қосылуына жағдай жасау секілді мәселелерге көбірек көңіл бөлінген.

Алайда депутаттар назарынан тыс қалған кейбір әлеуметтік және саяси мәселелердің бар екендігін атап өтпесек болмас. Мәселен, депутаттар Байқоңырдан жиі ұшырылып жатқан қауіпті «Протондар» жайында немесе қырылған киіктердің өліміне орай алаңдаушылық білдіргені де жұрт онша анғара қоймады. Тіпті, 2012 жылы қазақ даласына төгілген улы гептилге төленетін өтемақының соңы да ізім-ғайым жоғалды. Оны құзуп, тексеріп жатқан ешкім тағы жоқ.

Ол ол ма, депутаттардың айлығын қысқарту туралы ұсынысқа наразы болған халық қалаулары бастауыш сыныптарға арналған тегін тамақты бермеу туралы ұсынысты қуана қабылдады. Тіпті, бұған қарсы шыққандардың саны да саналуы.

Мәжілістің V шақырылымының

қол қойған келісімдерінің бірі – Байқоңырдағы қазақ мектептерінің Ресей қарамағынан Қазақстанға өтуі туралы келіссөз. Қазір Байқоңырдағы 6 мектеп және 1 балабақша 2015 жылдан бастап, Қазақстан заңдары бойынша білім беруге көшті.

ЖЕКЕ БЕДЕЛ ТАРАЗЫҒА ТҮСКЕНДЕ...

Әзірге депутаттар тарапынан жұртты дүр сілкіндірген екі оқиға есте қалды деп айтуға негіз бар. Оның бірі – «Ақ жол» партиясының жетекшісі Азат Перуашев пен

азаматтық беделіне ғана емес, депутаттық ар-намысына да нұқсан келтіргендігін айтып сотқа жүгінді. Қазақстан тарихында болмаған бұл істе екі тарап та өз уәждерін айтып, сотта түсінік берді. Ақыры онда қылмыстық құрамның болмауы себепті іс сотқа жетпей жабылды. Азат Перуашев мырза Аслан Сәринжіповтің жұрт алдында өзінен кешірім сұрауын талап еткенін ескерсек, бұның астарында не жатыр? Ар-намыс па? Шын мәнісінде білім жүйесіндегі берекесіздікке деген күйіну ме?

Дәл осы сауалды шетелде демалу үшін 6000 доллар ақша жұмсаған Светлана Романовскаяның туроператормен арадағы тегітесіне қатысты да айтуға болатын секілді. Светлана Романовская шетелге демалу үшін Travelsystem турфирмасының Қазақстандағы өкілігі арқылы тапсырыс берді. Депутаттың күйінісі сол кездегі Travelsystem компаниясының банкротқа ұшырауының салдарынан чартерлік рейске алған бизнес-кластағы билетінің күйіп кетуі әрі Қазақстандағы өкілдіктің басқа рейстегі экономикастар орын дайындауы. Туроператор өкілі аталған рейстердің арасындағы айырмашылықты өз қалтасынан төлеген. Бірақ соған қарамастан, депутат туроператор жұмысына қанағаттанбайды. Биыл жазда Түркияда Travelsystem компаниясының банкротқа ұшырауына байланысты 700 қазақстандық туристің тағы да сан соғып алданып қалғандығы жайында мәселеге орай, депутаттық сауал жолдаған ол Инвестиция және даму министрі Әсет Исекешевтің отставкаға кетуін де талап еткен болатын. Яғни, депутат «Халықтық тұтынушылар одағының» жетекшісі бола тұра, осындай жағдай өз басынан өткеннен кейін ғана туризм саласындағы былықтарға мән беріп, оны Үкіметке құлаққағыс етуге дейін барып отыр.

Білім және ғылым министрі Аслан Сәринжіпов арасындағы текітес болса, екіншісі – Светлана Романовскаяның туроператорға қосан-лоққы жасап, балағаттауы жайлы дау.

Азат Перуашевтің намысын қамшылап, көңіліне қазу түсіргені Білім және ғылым министрі Аслан Сәринжіповтің аккредитацияға байланысты «Сіз қандай да бір жекеменшік ЖОО-ның мүддесіне лоббилик жасап отырсыз», – деуі және оның БАҚ-та таралып кетуі. «Лобби сөзі – біреулердің мүддесін қорғау және оны қорғау үшін белгілі бір ұлеске ие болу немесе пара алу дегенді білдіреді» деген Азат Перуашев бұл оның

P.S. Қазіргі депутаттардың саны – 107. Олардың 98-і 2012 жылғы мерзімінен бұрын өткен сайлау нәтижесінде сайланған. Депутаттардың 83-і – «Нұр Отан» партиясынан, 8-і – «Ақ жол» партиясының өкілі және 7-еуі – Қазақстанның Коммунистік халықтық партиясының атынан. Ал қалған 9-ы Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері. Конституция талаптарына сүйенсек, Мәжіліс сайлауының келесі мерзімі – 2017 жылдың қаңтар айы. Кейбір саясаттанушылардың болжамы бойынша Мәжіліс сайлауы осы жылдың соңында немесе келесі жылдың басында өтуі де мүмкін. Бұдан халыққа келіп кетер еш пайда жоқ секілді. Тек кезекті рет ел қазынасынан қомақты қаржы шашылады. Айтпақшы, қаржы демекші, «Радиоточка» сайты Қазақстан бюджетінің сайлауға қарастырылған қаржылары туралы мәлімет таратты. Онда Қазақстан Республикасының «2014-2016 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы №148-V Заңы бойынша «Сайлаулар өткізуге» – 429 642 000 теңге қарастырылған. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 23 қарашадағы №54-V «2013-2015 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» (2013 жылдың 29-қарашасында өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) заңында «Сайлаулар өткізуді ұйымдастыру» бабына – 492 481 000 теңге, «Сайлаулар өткізу» бабына – 334 985 000 бөлінген.

БІШКЕКТЕ АСҚАҚТАҒАН ҚАЗАҚ ЭНДЕРІ



Жақында Бішкек қаласында Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының иегері Ескендір Хасанғалиевтің Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесіне арналған шығармашылық концерті болды. Ол мерекесін тамашалауға келген жұрт Төктағұл Сатылғанов атындағы Қырғыз ұлттық филармониясына лық толды. Көрермендердің көпшілігі – Бішкек қаласында және астаналық облыс – Чүйде (Шуда) тұрып жатқан қандастарымыз, қырғыз зиялы қауымының өкілдері және өнер адамдары, студенттер.

Шығармашылық кешті Қазақстан туралы жаңа әнімен бастап, әсем әуенмен көрермендерді тейіретін тербеткен Ескендір ағамыз екі жарым сағат бойы сол қарқынмен таймай, концерттің асқақ әуенді «Атамекенмен» аяқтады.

Негізінен өз әндерін орындаған Е.Хасанғалиев келесі шығармасын орындап алдында оның қай уақытта, қандай себеппен туғанын әңгімелеп берді. Е.Хасанғалиевтің бірінші әні – «Анаға сәлемін!» дүниеде келгеніне елу жылдан асқаны мәлім. Осы және басқа әндерде де залдағы тыңдаушылар ақырын қосылып, бірге шырақп отырды. Құрметті қонақтың Бішкек сахнасына шырақпалған барлық әндерін қазақ тілінде айтылғанын кейін басқа тілдерде қоса орындады.

Осыдан соң, автордың шетелдерге гастрольге барған сапарларында айтқан әндері сол елдің тілдерінде жасалып отырды. Залда қазақ әндерінің жапон, монғол, араб, болгар, югослав, фин, швед, француз, ағылшын, итальян тілдерінде жаңғырғаны сазгердің шығармашылығымен онша тағым емес қырғыз көрермендерін таңғалдырды. Концерттің соңында Қырғызстан қазақтары Еркін Бөлекбаев бастаған қазақ диаспорасының өкілдері сахнаға шығып, Ескендір Хасанғалиевке «Алғаш хатын» тапсырды. Бішкектегі «Қырғыз коняты» компаниясының бас директоры Гүлшат Асылбаева өз кәсіпорының жаңадан шығарылған брендинд коаккоде ретінде тарту етті.

Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесіне арнайы әзірленген шығармашылық кешті Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Айымдос Бөжігітов басқарған Қазақ елшілігі ұйымдастырды, «Қырғызстан Газ-пром» және «Қырғызстандағы Қазакжымса Голд» компаниялары қолдау көрсетті.

Айсұлу БАЙЖИТОВА, Бішкек қаласы, «Қырғыз-Түрік Манас» университетінің ағылшын тілі факультетінің студенті. Суреттер – автордікі.